

Н.Р. Салыматова^{1*}, А.Б. Никамбекова²¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;²Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: nur-dos2404@mail.ru; aselnb_86@mail.ru)

Болашақ заман келбеті: футурологиялық тұжырымдамаларға талдау

Мақаладағы негізгі ой футурологиялық тұжырымдардың күнделікті өміріміздің ажырамас бөлшегіне айналғаны сонша, құндылықтардың да өзгеруіне алып келетіндігіне орай тоғысады. Адамзаттың даму тарихында уақыт мәселесі мәдениеттің негізгі ұғымдарының бірі болып келеді. Философиялық тұрғыдан уақытты түйсіну оны өткен, бүгінгі, келешек деп үшке бөлгізсе, тарихи тұрғыдан замандарға бөлуді үйретті. Қазақ халқы өткен заманға өкпе жоқ десе, бүгінгі күнді болашақпен байланыстыра қарауы дүниетанымдық ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Бүгінгі заманның мәдени-әлеуметтік құбылыстары болашақтағы жүзеге асатын үрдістердің бағытын анықтайтыны белгілі. Мифологиялық танымның қалдықтары әлі де адамзат санасында өмір сүріп келе жатқандықтан болар, болашаққа кейде үреймен, кейде үмітпен қарау сияқты қарама-қарсы сезімдер жиі кездеседі. Футурологиялық болжамдарға талдау жасау философияда иррационалды болып көрінгенімен, ғылыми нақты жауаптарды талап етеді. Себебі, күн өткен сайын ғылым қарқынды дамып, түрлі катастрофалардың болу мүмкіндігі де жиілейді. Бүгінгі таңда футурологияның өзектілігі қазіргі заманның жаһандық сипаттағы сындарлы кезеңімен байланысты. Футурология әлемдік бірлестіктердің даму болашағын болжауға бағытталған, философия, әлеуметтану, мәдениеттану және саясаттану тоғысында қалыптасқан жас білім саласы. Ол жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында ғылыми-техникалық жетістіктердің дамуы, соған байланысты күрделі талдау мен ғылыми басқаруды талап еткен, қоғамдық дамудың көптеген мәселелері аясында қалыптасты. Адам үшін бағалы оның ғұмыры. Мақалада болашақ заман жайлы ой толғамдардың философиялық түрлі сауалдарға жауап ретінде қызмет атқара алатындығын жеткізуге тырысқан.

Кілт сөздер: заман, таным, болашақ, футурология, ғылым, болжау, еркіндік, қорқыныш, сенім, гипотеза, утопия.

Кіріспе

Жер бетінде адамзат жаралғалы санадағы таным төңкерісі тыным алған емес. Адам санасына мазасыздық күй беретін тануға құштарлық немен байланысты? Өткен замандарда өмір сүрген адамдар танымның елесі ме, әлде болашақ заманнан келген хабарлар ма? Осы шақта өмір сүрген адамзаттың кейінгі ұрпақ санасына ықпалы қаншалықты зор. Дөңгеленген дүниеде зұлымдық пен қылмыс, жауыздық пен зорлық-зомбылық соғыс қайталана беретін болса, махаббат пен әділдікті әурелеп қаншама адам өмірін құрбан ететіндей не сиқыр бар.

Әділдік деген ұғым бар, бірақ ол заманына қарай түрліше құбылады. Әділетті заман азаматтық қоғам ұғымымен байланысты деп есептейтініміз біршама қателіктерге алып келді. Себебі әділетті қоғамды қай заманда болмасын адамдар болашақпен байланыстырып келеді. Бізден кейінгі қоғам әділетті, бейбіт, идеалды заманға айналады деген болашақты болжау танымның мүмкіндіктерін шектеп келді.

Егер тарихты кезеңдерге бөліп қарасақ, палеолит ең ұзақ тарихи кезеңдердің бірі. Оның себебі дүниені танып білуде табиғат алдындағы дәрменсіздігі ғана емес болашаққа сенімсіздігі. Ежелгі мифологияда адамды үнемі күн, тау, жел, аспан, найзағай, ағаш немесе жануар құдайлар бақылап отырса, политеизмнен монотеизмге көшкенде тек бір жаратушы құдай мен адам арақатынасы ғана қалды. Адам енді табиғатты өз қажетіне пайдаланатын тұтынушыға айналды. Құдай адам әрекетін сырттай бақылаушы, адам өзін осы дүниеде қожайын сезінді. Соның нәтижесінде ғылыми төңкеріс жаңа кезеңге жол ашты. Енді физикалық күш емес интеллект басты орынға шықты.

Зерттеу әдіснамасы

Әдіснамалық негізі ретінде заманның болашақ болмысы мен бүгінгі күні жүріп жатқан күрделі үдерістердің мәнін зерттеудегі, болжап-бағдарлаудағы гипотетикалық, ғылыми тұжырымдамалар са-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nur-dos2404@mail.ru

рапталады. Адамзат дамуы жолындағы өлмес сұрақтың бірі тұрғысындағы болашақ заман мәселесі тәжірибелік болжаудан ғылыми сараптамалық тұжырымдамалар қарастырылды. Бұл негізде философия, әлеуметтану, саясаттану, футурология саласында қалыптасқан ұғым, түсініктер негізге алынды. Осыған сай, мақаланы зерделеу барысында зерттеудің объективті, тарихи, прагматикалық, герменевтикалық, экстраполяция әдістері жүйелілік негізде қолданылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Азаматтық қоғам ұғымының пайда болуының алғышарттарының бірі еңбек бөлінісінен бастау алады. Аңшылық пен терімшілік дәуірінде күштілер, егіншілік пен малшылық заманы келгенде еңбекке икемділер еңбек бөлінісін реттеп отырды. Қазіргі саналы технологиялық заманда құндылықтар жүйесі өзгеруімен адам өзінің ақыл ойын абсолютті ақиқат деп таныды. Ақиқатқа жақындай түсу үшін дамыған елдер ғылымды жан жақты жарыса дамытуда. Аспан денелерінің құпияларын зерттеуге құштар елдер басып оза бермек. Жердегі тіршілік күндердің бір күнінде тоқтайды деген болжамдары да жан түршігерлік болып көрінгенімен, ғылыми тұрғыдан қарасақ, адамның тәні миллиондаған бөлшектерден тұрады емес пе. Мәшһүр Жүсіп айтқандай табиғатта кездесетін барлық минералдар, су, топырақ, от, жел сияқты мысалдар адам ағзасында бір организмге сыйып тұр. Адам жаны тәнді тастағанда тән тіршілігін тоқтатады. Адамның дүниенің тұтқасы ретіндегі мәні қайда жоғалады. Әлде ол басқа күйге өтіп, адам танымына сүйене отырып, жалғасын таба ма? Өткен мәлім, қазіргі ақиқат, ал болашақ деген не? Бұл сауалдарға жауап адамзат тіршілігінің үзілмес ізденісіне айналды.

Болашақты болжауға деген танымдағы ұмтылыстар өте ертеден бастау алады. Тарихқа көз жүгіртсек келер заманды алдын-ала жүйелеу жолындағы талпыныстарды пайғамбарлардың, абыз, көсемдердің, діндарлар мен даналардың әрекетінен байқауға болады. Кейбір пайымдаулар бойынша болашақтың ақиқаттылығы және қазіргі болып жатқан іс әрекеттермен байланыстылығын, алайда болашақты болжау мүмкін еместігі жүйеленсе, екінші көзқарастарға сай, болашақты түсіне алмасақ, болашақ туралы білім жүйесі қалыптаспаған болар еді деген ойды негізге алады.

Адам заманды біліп те, білмей де түзетпекші болады, – дейді дана халқымыз. Адамзат болашағы көбінесе, қоғамда қалыптасқан өзара қатынастар жағдайына тәуелді. Негізгі зерттеулер мен еңбектерге сүйенсек, адам баласына болашақты болжауға деген ұмтылыс тумысынан, генетикалық жолмен беріледі. Реализмнен алға кету, уақыттан озу адам ғана емес, кейбір жануарларға да тән құбылыс. Қоршаған ортадағы өзгерісті алдын-ала сезе білу ерекше қабілет ретінде анықталады. Қазақ халқының ырымдарында ит-құстың іс-қимылына қарап ауа райын немес басқа табиғи құбылыстарды болжау жиі кездеседі.

Алға ұмтылу, табиғат заңдылығы мен кеңістік, уақытты бағамдай алу адам үшін алдағы болашағына қорқынышпен қараған жазмыштан құтылуға, жақын болашақты толық болмаса да нақтылықтағы үдеріс негізінде жорыта білу, тіпті замана бетбұрысына ықпал ете алуға жол ашты. Бұл феноменді қарастыру негізінде болашақ туралы ілімдердің қалыптасуына алып келді. Сол арқылы, шынайылықта жоқ ақиқаттылықты дамып жатқан құбылыстардың объективті, субъективті негізінде осы нақтылықта болжауға мүмкіншілік артты. Объективті алдын-ала белгілер ретінде адамның білімі мен қалауынан тыс, ғарыштағы өзіндік заңдылыққа негізделген құбылыстар қарастырылатын болса, субъективті алдын-ала белгілерге табиғат пен қоғамда жүріп жатқан үдерістерге әсер ете алу қабілеті алынады.

«Келер заман көк тұман, алайда келер заманды өмірге әкелер сол келер ұрпақ емес пе? Келешек жастардікі дейміз, ал сол келешегіміз көк тұман, беймәлім, тылсым екеніне Шәкәрім сияқты мән бере бермейміз. Көбімізде болашақ жақсы «коммунизм» деген сенім-үміт бар. Әрине, үміт сәулеленіп, нұрланбаса келешектен не қайыр, онда көп діндерде бар ақырзаман идеясын мойындауға тура келмек» [1].

Болашақ жөнінде жалпы жүйе құруда қателіктің, жаңсақтықтың орын алу қаупі жоғары. Себебі, қазіргі заманда еш мәнге ие болмаған, назардан тыс қалған құбылыстар болашақта негізгі анықтаушы факторға айналуы мүмкін. Замана барысын қанша жерден бағамдап, саралап, зерттеу жүргізу негізінде құрылған көзқарастың өзі зерттеушінің субъективті пікіріне бағынышты болуы негізінде ақиқатты нақты, әрі толық аша алмайды. Ол жекелеген адамдардан тыс объективті шындық. «Заманды адам жасай ма, адамды заман жасай ма?» деген ой осының бастауына меңзейтін секілді.

Адамзаттың шығармашылық қабілеті шексіз. Ғаламшар бейнесін өзгерте отырып, бұрынғы өткен адамдардың қиялы мен арманына да кірмеген тіршілік ете алу жолын қалыптастырды және адамзаттың шығармашылық қуаты мұнымен тоқтамақ емес. Ойға алған жобалар мен тәжірибеге енгізілу

жоспарланған технология ғылымының жетістіктері жетіп артылады. Және сол жоспарлы қадам саналы түрде болашақтың бағытына тікелей әсер етеді. Жетістікке жету мақсатындағы даму жолы кемел болашақтың кепілі бола бермейтінін де ескеру қажеттілігі туындады.

Жалпы алғанда, философтар болашақты бағдарлауда ғылыми болжау мен әлеуметтік болжам болашақта ықтимал дүниелерден бөлек, оның қандай түрге еніп, оның жүзеге асуы жолында туындауы мүмкін мәселелерді, сондай-ақ, ұсынылған болжамның нақтылыққа қатынасын да қамтуы керектігіне баса назар аудартады.

Болашақты болжаудың деңгейлері турасындағы анағұрлым кең таралған тікелей, көрініп байқалатын, алыстатылған көзқарастарды жатқызуға болады. Болашақ жөніндегі тікелей көзқарастарға қазіргі кезеңде болып жатқан, осы заманда бастау алып, жүзеге асырылып жатқан үрдістер негізге алынады. Ғылымилық бұл жерде әлдеқайда нақтылыққа ие, соның негізінде жақын онжылдықтардағы құбылыстарды аса дәлдікте болжай білуге мүмкіндік бар. Бұл өз кезегінде болашақта туындайтын өткір мәселелердің алдын-алып, орын толтыру механизмдерін іске қосуға жағдай жасайды. Осы негізде өзіміз өмір сүріп отырған заманның жарқын болашағын бағдарлауда келесідегідей негізгі тенденциялар ұсынылған: ғаламшарлық көлемде жүріп жатқан демографиялық революция сынды үрдістер, елдер дамуының орталық межеде теңдесулері, қоғамның демократиялық, гумандылық кейіпте танылуы, ортақ мақсаттар үшін жағымсыз құбылыстарда әлеуметтік және мәдени интеграция негізінде, әлемдік деңгейдегі ортақ тәртіптің қалыптасуы. Ал одан арғы заманның кейіпін болжауда тек түрлі гипотетикалық болжамдарға иек артамыз. Және оған сай, қоғамдағы әлеуметтік өмір мүлде басқаша реңкке өтіп, технологиялық жетілу салдарынан экономикалық жағдай күрделенеді. Адамдардың тіршілік ету қажеттіліктері мен оларды қанағаттандыру жолы да едәуір трансформацияға түсіп, шикізатпен қамтамасыз ету жолы да басқа кейіпке енеді деп болжануда.

Ғылыми болжамның өзектілігі қоғамдағы саяси жағдай, адамның қоршаған ортаға әсері сынды орын алуы ықтимал жағымсыз салдардың алдын алу мақсатындағы объективтілігіне тәуелді.

Қазақ мақалында «заманына қарай адамы, адамына қарай заманы» деп адам болмысының әлеуметтік жағдайларға икемделіп отыратындығын қысқа да нұсқа түсіндіреді. «Адам заманды (яғни өзінің табиғи-мәдени кеңістігін) түзетпек сыңайын ешқашан жасырмаған, оны іске асыру мақсатында талай-талай әлеуметтік, қоғамдық, саяси, экономикалық эксперименттер жасалған. Соның бірі пролетарлық революция, оның саяси жүйесі — пролетариат диктатурасы. Адамның заманды өзгертпекші не реттемекші болған ниетті құп аларлық іс. Алайда адам қаншама арман, қиялға берілгенімен, ол өзінің табиғатынан асып шыға алмақ емес» [1; 172].

Ғылыми жаңалықтардың ақиқатқа жанасуын болжау мүмкін емес, себебі ғылымның танылуының өзі нақты заңдылықтарға үнемі бағына бермейді. Бір сарынның үнемі жалғасуы, үздіксіздік бойында болса да құбылыстың үзілмеуі, жаңа түрге өтіп, мүлде өзге кейіп-келбетке енуі шарттылық емес. Тарихты өзгерткен, тіпті тарихты жаңадан, қайта жасау әрекеттерінің болымдылығын өткен заман көрсетті. Және де бұл құбылыстардың көбінесе кенеттен, алдын-ала күтілген жоспарсыз болғандығына қарамастан, әр кезеңдегі қоғамды, сол қоғамда өмір сүруші жекелеген адамдарды заманының болашағы ойлантып, келер күннен үміт, үрей аралас алаңдаушылық мазалады.

Болашақтың белгісіздігі жұмбақ сыр ретінде де адамдарды өзіне еліктіреді. Танылмаған таңсықтыққа адам жаны әрқашан құмар. Сол негізде де болашаққа үңілу әуел бастағы жорамалдап, болжау деңгейінен адамзат алдындағы өз өзектілігін еш өзгертпестен, тарихи даму сатысына сай, ғылыми болжау жүйесіне ұласты. Бұл негізде алғашқы зерттеулер ретінде Г. Эрманн, И. Блюха, Г. Молилари, Г. Уэллс, Д. Холдейн еңбектерін қарастыруға болады.

Осы орайда, экономикалық немесе әлеуметтанулық, технологиялық тенденцияларды экстраполяциялау негізінде болашақты болжауға негізделген, әлеуметтанушы Осип Флехтхаймның ұсынысы негізінде ғылымға Олдос Хаксли енгізген футурология жүйесі қалыптасты. Болашақты болжаудың маңыздылығы оның адамзат үшін жағымды құбылыстардың орын алып, күтілген үміттің орындалуына ықпал жасап, тосын апаттар мен жайсыз жайттардың алдын алу үшін қажет. Бұл жөнінде француз әлеуметтанушысы П. Бурдьенің пікірінше, болашаққа жоспар құра білу қабілеті нақты бар шынайылықты өзгертуге, қайта қалыптастыруға деген ой жүйесі мен барлық әрекеттердің өзгеріске ұмтылуының негізгі шарты болып табылады. Болашақты адамның толық еріктілігі негізінде әрекет ете алатын еркін мекені ретінде таниды. Болашақ адам үшін әрі таңдау еркіндігі, әрі жауапкершілік салмағы. Еш таңдау жасалмай, жоспарлы өзгеріс негізге алынбаған, заманның өз бағытына иек арту, құлықсыздық танытудың өзі соңында таңдау мен жауапкершілікке айналмақ. Әр мезгіл, әр сәтте адам алдында туындайтын таңдауларға қарамастан, шынайылықта өмір сүру сол бір шынайылықты таңдай

алу шектілігімен күрделенеді. Ал олардың ара-жігін ажырата білу, өзара салыстыра білу мүмкіндігіне ие бола алмау қауқарсыздығына қарамастан, салдары тағдырынды тарықтырады.

Алайда, болашақтан күтілер күннің келбетінен жоспарланған әрекетті анықтау ықтималдығы да бар. Болашақ болжаулар қоғамның негізгі идеологиясына айналып, қоғамға нақты бағыт-бағдар ұсынуы, заманды сол бағытта икемдеуі мүмкін. Бұл әрине, заманды өзіне бағындырып, қоғамды уысында ұстамақ ниеттегі басшының әрекетіне сай. Билік үстемдігін асыру мақсатта, болашақты басқаруға ұмтылады. Осылайша, болашағын басқармақ негізде бостандығынан айырады. Қоғамға болашақтың келбеті таңдаусыз ұсынылып, санасын жаулайды. «Халық әдетте, өз мемлекеттерінің өлместігі сағымына арбалып, оның адамзат қоғамының соңғы формасы екеніне сенеді [2].

Осылайша, билік болашақтың өзге нұсқасы болуы да мүмкін еместігін халық санасына таңа отырып, болашақты бақылауда ұстау, бүгінгінің кепілі болатынына сенім артады. Мұның жарқын мысалы ретінде ХХ ғасырдағы тоталитарлық жүйені келтіруге болады. Оның негізгі бір сипаты «мемлекеттің қоғамды құруда барлық қоғам үшін мінсіз болашақты жүйелеуге құқықтың берілуі» [3].

Алайда, болашақ жөніндегі ХХ ғасыр қалыптастырған бұл түсінік кейін өзгере бастады. Болашақ қоғамды құруда оны танып, мінсіз етуге тырысушылық әрекеттер адамға ешқандай да еркіндік бермейді, керісінше адамға тиесілі аз ғана еркіндіктің өзін сезінуге бөгет жасайды. Болашақты білмеу әрбір әрекеттің мағыналылығын ойлантып, жаныңа алаңсыздық ұялатпайды, әрі алаңсыздық рахатын сыйлайтындығы жөнінде көзқарастар қалыптасты. Ж. Аттали пікірінше, болашақты танып, ондағы өзіміздің рөлімізді түсіну, адам баласын көшпелілерге отырықшылардан берілген шырғалаң секілді күйге жетелейді. Болашақ бұлыңғыр әрі таным көкжиегінен тыс болғандықтан сенімсіздік тудырып, сағымға ұқсап, жеткізбей кетуі де мүмкін. Ол адамдарды тітіркендіруші жағымсыздыққа ұрындырып, өмірлерін улайды. Сол себепті, одан мүлде бас тарта алмайтын болсақ, тым болмаса, мейлінше аз ойлап, өмірдің нақтылығында рахатқа қол жеткізуге ұмтылу керек деген ұстанымдар бой көтерді. Ендігі жерде болашақты қоғам емес, жекелеген адамдар өздері анықтайды. Себебі, өзгеріссіз тәртіпті ұстап тұру мүмкін емес. «Әлем аморфты болып барады, заманауи мәдениетте «мәңгілік құндылықтар» керек емес болып кетті, бәрі тұрақсыз, өткінші... Қазіргі әлем тез өзгереді, сол себепті де ол нашар түсініліп, нашар басқарылады» [4].

Қазіргі заманның өтпелілігі мен болашақтың бағдарын адам еркіне беру адамның еркін бостандығына жол ашады. Еркіндікті толық сезінуге ұмтылыс адамдардың әр нәрсеге әуестігі нәтижесінде тұрақсыздық, тұлғалық байланыстағы өтпелілік белең алуда. Бұл өзгермеліліктің нақты соңғылығы бұлыңғырлығына қарамастан әлеуметтік жүйе де соған икемдеуде. Адамзаттың қоғам алдындағы жауапкершілігі азайып, адам қоғамдық өмірден оқшау, жекелеген кеңістігіне ойысуда. Соның салдарынан адам мен қоғам қатынасы өзара шектеулі. Адам тұрақтылығының кемуі, оның тұрақтап, жан-жағын бағамдап, мәнділікке ұмтылу сипатынан айыруда. Бір орында, бір жерде орныға алмау, адам өміріндегі оның мәнінен айрылуына, жерге деген сезімнің селдіреп, құндылықтың құнсыздануы төңкерісіне тарих куәлік етуде. Бұл турасында Э. Тоффлер «Болашақтың соққысы» еңбегінде, бүгінгі адамзат көшпенділердің жаңа нәсілі ретінде қалыптастырылуда, алайда оның орын ауыстыру кеңістігін болжау мүмкін емес деп көрсетеді. Және болашақта одан қашып құтылуға болмайтынын меңзей отырып, жалғыз жол сол болашаққа икемделу деп көрсетеді. Ал, ол үшін адам «сапасы» мәселесін қолға алу қажет. Осы жолда адамға бұрынғыдан да үлкен жауапкершілік артылады. Ол енді бейімделгіштігімен қатар, бұрынғыдан да білгір болуға ұмтылуы қажет [5].

Адам болашақ заманды анықтау негізінде, оны өз ыңғайына сай өзгертуге тырысушылығы қай заманда болмасын заңдылық. Алайда, бұл қаншалықты мүмкін? Қанша ғасырлық тәжірибе заманның болашақ барысын неге бағамдай алмайды. Әлде, ол адам бағындыра алатын белес көкжиегінен тыс па?

*Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманды жаман күйлемек,
Замана оны илемек [6].*

Осылайша, Абай жырлағандай, заманды болжау әрекетін адам анықтаса, әрекеттің нәтижесін заман анықтамақ.

Болашақты болжау іс-әрекеті адамның өмір сүруінің барлық саласын қамтып, барлық сала үшін тәжірибелік маңызға ие. Бұл салалардың қатарында саяси, рухани, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік салаларды қарастырған жөн. Және олар үшін неғұрлым тиімді болжау әдістері ретінде мамандар мен техникалық құралдарды тарта отырып зерттеу жүргізілетін, күрделі сарапшы бағасы әдісі,

фантазия мен нақты білім араласып келетін, ең көне әдістердің бірі — болашақ сценарийі әдісі, құбылыстың бір бөлігін бақылаудан алынған нәтижелерді басқасына да тәуелді ететін экстраполяция әдісін, есептеу техникасының кең мүмкіндіктерін қолдануға жол ашқан компьютерлік моделдеу әдісі мен тарихта нақты болған жайттардан жинақталған білімге иек артатын тарихи аналогия әдісін атауға болады. Әр қайсысының маңыздылығы мен адам үшін қажеттілігі өте жоғары. Себебі, осылардың негізінде адамзат өте күрделі болашақ заманның кемелдігіне сай болуға ұмтылып, бар болуының болашағын осы шағымен салыстыра байланыстыруға тырысады.

«Болашақтың бейнесі» деген сөз тіркесті еңбегінің атауы етіп алғаш рет элеуметтанушы Ф. Полак қолданды. Ол бұны болашақты болжау мен тұрақты дамуды анықтаушы түсінігі тұрғысында емес, күтілетін болашақтың позитивті моделі ретіндегі жеке категория деп көрсетті. Соған сай, біздің субъективті ойларымыз болашақтағы жағдайдың шынайы барысын анықтайды деп қарастыратын зерттеу бағыты ұсынылды. Жеке көзқарастарға негізделген «болашақтың бейнесі» бағытын қолдаушылар қоғамның болашаққа жету бағытындағы жағдайдың шынайылықтағы барысы шындыққа жанаспайды деп жоққа шығаруға болмайтындығын, қоғам дамуы табиғаттың жалпы заңдарына бағынатындығы негізде объективті түрдегі ғылыми зерттеуге негіз бар екенін қолдайды.

Болашақ туралы ой саралауда утопия ерекше маңыздылыққа ие. Адам шығармашылығы мен қиялына негізделіп, болашақты кемелдік жүйесінде қарастыруға мүмкіндік беретін бұл ұғымды алғаш рет Томас Мор қолданған. «Утопия» термині кейінірек қалыптасқанымен де, ол идея ретінде біршама ертерек, Платонның «Тимей» еңбегінен бастау алады. Яғни, бұл болашақты мінсіз, адам үшін барынша қолайлы, жетілген қоғам тұрғысында түсіну. Адамзат қоғамы ғасырлар бойы армандаған, элеуметтілік әділеттілік орнаған болашақ заман. Утопия ретінде қарастырылуы, қоғамның мінсіз болуы мүмкін емес деген ұстанымның аясында қарастырылуы. Десе де, мінсіздікті қиялдау, сол арқылы алға ұмтылу әр кездерде де болған. Ежелгі заманнан бері философтар мен ойшылдар, қоғам қайраткерлері осы негізде өз білім жүйелерінде болашақты жақсартуға, осы жолдағы әдіс принциптерін құруға тырысты. Оптимистік утопия адамның өмір сүру жағдайын жайлы етіп, оңтайландыруға негізделген. Утопиялық жүйелер толық іске аспағанымен де, қоғамға сыни көзқараспен қарап, кемшіліктерін жою мақсатындағы біршама функцияларын іске асырады. Оптимистік утопия бізге өмір сүріп отырған қоғамымыздың жай-жапсарын сау ақылмен бағалай алуға, тарығушылық кезеңде болашаққа үмітпен қарауға және алға жоспар құра отырып, мақсатқа жетелейтін күш береді.

Адамзат санасының дамуымен қатар, қоршаған ортаның кемел бейнесі де айқындала түседі. Санасыздық мазмұнымен байланыса отырып, біз санасыздықты кескіндеп, жобалауға тырысамыз, соның нәтижесінде саналылық деңгейде, санамызда санасыздық деңгейде өмір сүретін күш пен архетиптерді үйлесімді біріктіріп, бірізділікте біріктіруге мүмкіндік аламыз. Ішкі тұтастық бейне кемел болған жағдайда ғана, қоғамды да кемел етуге талпыныс жасалады. Болашақты жасаушы утопистік, перфекционистік, реформаторлық жүйелердің құрылып, жасампаздыққа ие болуына жол салынады.

Утопистік кемелдікке ұмтылу, жоғалған жұмақты іздеу, тарихи ашылуларға, жаңа жерлерді игеруге, зерттеуге түрткі болды. Утопияның нақ осы шақта, дәл жанымызда емес, әрірек, алысырақ болуы оған жетуге деген ұмтылысты оятады. Ол жер кеңістігінен әрі асып, ғарышқа, өзге ғаламшарларға жетелейтін күшке ие болды. Ғылыми фантастиканың өзінің негізінде утопия жатыр. Ғарыш сан мыңдаған қиял әлемін туындатуға мүмкіндік беретін шексіз кеңістікке айналды. Сол себепті ол жай ғана керек дүние емес, ол болашақ заманды кемелдікте құруға ұмтылыс жолында қажеттілік. Ол жасампаздық пен үлкен күшке ие. Шынайы өмірдің өзін утопиясыз елестету мүмкін емес, өйткені ол тек экономикалық, элеуметтік қатынастармен ғана емес, таңдаумен, әрекетпен, бүгінгімен байланысты. Болашаққа үміт артып, ертеңгі күннен жақсылық күту адамзат болашағының айырылмас бөлшегі.

Қазақ тарихындағы, заманның сындарлы сәтінде Асан қайғының утопия ретінде қарастырылатын «Жерұйығы» осының жарқын мысалы іспетті. Ол енді құрылып жатқан үлкен Орданың мемлекеттік идеологиясына айналып, елдің болашаққа деген сенімін қалыптастырып, бір хандыққа біріктірген ұлы арманға жетелей білді. Қазіргі күрделі әлемдік үдеріс аясында бағыт-бағдар алуға, ұлттық ерекшелігімізді сақтай отырып, алға ұмтылу үшін бізге де утопиялық идеологияның маңыздылығы бар шығар деген ой келеді.

«Ғылым дүниені әрі түзетуші, әрі қарайтушы» [7] дегендей, заманды анықтауда ғылыми білім жемісі түрлі бағытта бағамдалады. Алайда, заманды өзгерту мақсатындағы ұғынуға талпыныстан бөлек, қазіргі ғылымда оның мәнін анықтау арқылы түсінуге тырысушылық көзқарастар да кең таралған. Соның бірі, адамды дүниетаным орталығына айналдыратын антропологиялық көзқарас. «Болашақ әлемге тек адамның жер бетінде тіршілік етуі негізінде болашақтың «жобасы» ретінде ғана келе-

ді. Бірақ, болашақ ешқашан өзін толық жүзеге асыра алмайды, себебі дәл жүзеге асу барысында ол өткенге айналады» [8].

Қазіргі қоғам дамуы жоспарлы мерзімде дамудың мақсаттарын стратегиялық анықтауды жолға қойғанмен, тарихи заманның болашағына бағыт-бағдар белгілеуде әлсіздік бар. Жекелеген болашақ турасында зерттеулер жүйелі қамтылып, сол негізде нақты қадам жасау әзірге жолға қойылмады. «Болашақ бейнесі» түсінігін болашақ заманның келбетін, санаға әсер етуші мәнін зерттеп, құрастыруда жинақтай отырып, қолдануға болады. Бұл көзқарастың ұтымды тұсы ретінде ұжымдық пікірлер жиынтығын қамтуы арқылы болашақты шынайы сезініп, ақиқатқа айналар дүниелерді аңғарып, бейнелей алуы көрсетіледі. Және де болашақтың бейнесін қалыптастыруда жобалау, жасау, құрастыру сынды міндеттер қойылмайды. Басты мақсат қоғам мен әлеуметтік жүйелердің дамуының негізінде жатқан заңдылықтарды түсініп, ажыратуға тырысу, мәнін ұғыну, рухани бағытын анықтау. Болашаққа қатысты жобалық құрылым жасаудан бұрын ұмтылысымыздың, ойымыз бен оның мәнінің үйлесімділігін, бағыттың дұрыстығын тану, содан кейін барып қана әрекетті жасау керек.

Қорытынды

Ғаламдық деңгейдегі мәселелердің күрделенуі мен орын алуы болашақты болжауға деген ниеттің тырысқан сайын күрделене беретіндігін де естен шығармаған жөн. Сол себепті аңғарылған, алыс татылған болжамдардан тікелей болашақты болжау сапалыққа ие. Философтардың пікіріне сүйенсек, мәселені мүлде жоққа шығаруға болмайды, олар бұрын да болған, қазір де бар, болашақта да жойылып кетпейді, тек ол басқа түрге енеді. Болашақты бағдарлаудағы өткір мәселелер қатарында жайлы өмірді қамтамасыз етудегі кедергі — қылмыстың дамуын ауыздықтау, халық санының артуы мен өндірістік мәселелер қарастырылады.

Алдағы болашақ өркениетте өзіміз қалаған өмір мен салауатты орта құру үшін тұлғаға ең қажетті негізгі талаптарды мойындауымыз керек. Олар қоғамның, құрылымның, мәннің қажеттілігі. Тұлғалық мәнді кеңінен мағыналандырып, барлығын толық қамтитын идеяға айналдыруымыз қажет. Қоғамдық өмірдегі мардымсыз рөлін мойындайтын ойдан арыла отырып, кең мағыналы жүйедегі «кірпіш дүниеге тетігін тауып қалану» [6; 149] жолын сезіну керек. Қорытындылай келе, адамзат баласы жалпыға ортақ бір философиялық идеяға келу керек. Ол — әлемнің барлық тұрғындарының әлеуметтік ауқаттылығына біріккен, толық жауапкершілік негізінде ғана, әркімнің өз қалаған өміріне қол жеткізе алатындығын түсіну. Ел дамуының жаңа кезеңінде, жаңа жобаларды қалыптастыру барысында утопиялық идеологияның маңыздылығын да ескеру тарихи ақиқат.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есім Ғ. Даналыққа құштарлық / Ғ. Есім. — Семей–Новосибирск: Талер-Пресс, 2007. — 521 б.
- 2 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций / С. Хантингтон. — М.: Изд-во «АСТ», 2003. — 603 с.
- 3 Поппер К. Эволюционная эпистемология и логика социальных наук / К. Поппер. — М: Эдиториал УРСС, 2000. — 461 с.
- 4 Бауман З. *Текущая современность* / З. Бауман. — СПб.: Питер, 2008. — 198 с.
- 5 Тоффлер О. *Шок будущего* / О. Тоффлер. — М.: Изд-во «АСТ», 2003. — 557 с.
- 6 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар / А. Құнанбайұлы. — А.: Жазушы, 2005. — 296 б.
- 7 Шәкәрім. Қазақ айнасы / Шәкәрім. — А.: Атамұра, 2003. — 67 б.
- 8 Сартр Ж.П. Бытие и ничто / Ж.П. Сартр. — М.: Изд-во «АСТ», 2020. — 258 с.

Н.Р. Салыматова, А.Б. Никамбекова

Облик будущего: анализ футурологических концепций

Основная мысль в статье переплетена с тем фактом, что футурологические выводы становятся неотъемлемой частью нашей повседневной жизни, что приводит к изменению понимания ее ценности. В истории развития человечества время стало основным понятием культуры. Философское понимание времени делит его на прошлое, настоящее, будущее, а историческое — на эпохи. Одной из особенностей мировоззрения казахского народа является видение не столько связи настоящего с прошлым,

сколько настоящего с будущим. Культурно-социальные явления современности определяют направление тенденций, формирующих будущее. Возможно, пребывая до сих пор в пространстве мифологического сознания, человек смотрит в будущее двояко — с тревогой и надеждой. Несмотря на иррациональный характер футурологических прогнозов, они требуют и научного видения. И связано это с опасностью будущих катаклизмов и катастроф. А для человека ценна его жизнь. Ему необходима вера в светлое будущее. Путь к нему — через воспитание потомков, а в качестве награды — формирование нового сознательного поколения. В казахском народе говорят, что имя хорошего человека, труд ученого не проходят бесследно. И в этом — вера в будущее, в духовное бессмертие. В статье мы постарались донести мысль, что взгляд в будущее поможет ответить на множество философских вопросов.

Ключевые слова: время, познание, будущее, футурология, наука, предсказание, свобода, страх, вера, гипотеза, утопия.

N.R. Salymatova, A.B. Nikambekova

The shape of the future: an analysis of futurological concepts

The main idea in the article is intertwined with the fact that futurological conclusions become an integral part of our daily life, which leads to a change in the understanding of its value. In the history of human development, time has become the main concept of culture. The philosophical understanding of time divides it into the past, present, and future, and the historical understanding divides it into epochs. One of the features of the worldview of the Kazakh people is the vision not so much of the connection of the present with the past, but of the present with the future. The cultural and social phenomena of modernity determine the direction of trends shaping the future. Perhaps, being still in the space of mythological consciousness, a person looks into the future in two ways – with anxiety and hope. Despite the irrational nature of futurological forecasts, they also require a scientific vision. And this is due to the danger of future cataclysms and catastrophes. And for a person, his life is valuable. He needs faith in a bright future. The way to it is through the upbringing of descendants, and as a reward – the formation of a new conscious generation. The Kazakh people say that the name of a good person, the work of a scientist do not pass without a trace. And this is the belief in the future, in spiritual immortality. In the article we tried to convey the idea that looking into the future will help answer a lot of philosophical questions.

Keywords: time, cognition, future, futurology, science, prediction, freedom, fear, faith, hypothesis, utopia.

References

- 1 Esim, G. (2007). *Danalyqqa qushtarlyq [Passion for wisdom]*. Semei-Novosibirsk: Taler-Press [in Kazakh].
- 2 Hantington, S. (2003). *Stolknovenie tsivilizatsii [Clash of civilizations]*. Moscow: Izdatelstvo «AST» [in Russian].
- 3 Popper, K. (2000). *Evoliutsionnaia epistemologiya i logika sotsialnykh nauk [Evolutionary epistemology and logic of social sciences]*. Moscow: Editorial URSS [in Russian].
- 4 Bauman, Z. (2008). *Tekuchaia sovremennost [Fluid modernity]*. Saint Petersburg: Piter [in Russian].
- 5 Toffler, O. (2003). *Shok budushchego [Shock of the future]*. Moscow: Izdatelstvo «AST» [in Russian].
- 6 Qunanbaiuly, A. (2005). *Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy [Two-volume collection of A. Kunanbayuly's works]*. T. 1. *Olender men audarmalar — Vol. 1. Poems and translations*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 7 Shakarim. (2003). *Qazaq ainasy [Kazakh mirror]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 8 Cartr, Zh.P. (2020). *Bytie i nichto [Being and Nothing]*. Moscow: Izdatelstvo «AST» [in Russian].